

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 27 маусымдағы N 624 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 сәуірдегі N 318 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

2. "Астық қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамына қатысушы - астық қабылдау кәсіпорындарының астық қолхаттары бойынша міндеттемелерін өтеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 27 маусымдағы N 624 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., N 27, 260-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

4

с ә у і р д е г і

N

3 1 8

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006 - 2008 жылдарға арналған (екінші кезең) орта мерзімді жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 тамыздағы N 884 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., N 33, 458-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006 - 2008 жылдарға арналған орта мерзімді жоспарында:

"2006 - 2008 жылдарға арналған қолданыстағы және әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар бөлінісіндегі басымды бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесі" деген 5-бөлімде:

дамуға берілетін нысаналы трансферттер мен республикалық бюджеттен кредит беру есебінен қаржыландырылатын 2006 - 2008 жылдарға арналған басымды жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесінде:

"Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға және ұлғайтуға арналған бюджеттік инвестициялар" деген кіші бөлімде:
реттік нөмірі 23-жолдың 2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:
"ҚазАгроКепіл" АҚ".

2. *Ескерту. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.07.13. N 1060 Қаулысымен.*

3. "Агроөнеркәсіптік кешенді мамандандырылған ұйымдардың қатысуымен қолдаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 шілдедегі N 645 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 25, 2 5 7 - қ ұ ж а т) :

көрсетілген қаулымен бекітілген Агроөнеркәсіптік кешенді мамандандырылған ұйымдардың қатысуымен қолдау ережесінде:

1-тармақтың 7) тармақшасындағы, 8-тараудың атауындағы "Астық қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қоры" деген сөздер "ҚазАгроКепіл" деген сөзбен ауыстырылсын;

5 2 - т а р м а қ т а :

"Астық қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қоры" деген сөздер "ҚазАгроКепіл" деген сөзбен ауыстырылсын;

"(бұдан әрі - Кепілдік беру қоры)" деген сөздер "(бұдан әрі - "ҚазАгроКепіл" АҚ)" деген сөздермен ауыстырылсын;

53, 54-тармақтардағы "Кепілдік беру қорының", "Кепілдік беру қоры" деген сөздер "ҚазАгроКепіл" АҚ" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2007 - 2009 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары (екінші кезең) туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 тамыздағы N 822 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 33, 357-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2007 - 2009 жылдарға арналған орта мерзімді жоспарында (екінші кезең):

"Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2007 - 2009 жылдарға арналған негізгі бағыттары" деген 1-бөлімде:

"Қазақстанның 2007 - 2009 жылдардағы жедел экономикалық өсуін қамтамасыз ету үшін экономика салаларындағы серпілісті бағыттарды жаңғырту және қамтамасыз ету" деген 4 - т а р а у д а :

"2007 - 2009 жылдары агроөнеркәсіптік кешенді дамыту" деген 3-параграфта:

"Қаржы және сақтандыру инфрақұрылымын дамыту" деген кіші бөлімде: оныншы абзацтағы "Астық қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қоры" деген сөздер "ҚазАгроКепіл" деген сөзбен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген "Қолданыстағы және әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар бөлінісіндегі 2007-2009 жылдарға арналған басымды бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесі" деген б ө л і м д е :

дамуға берілетін нысаналы трансферттер мен республикалық бюджеттен кредит беру есебінен қаржыландырылатын 2007-2009 жылдарға арналған басымды жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесінде:

"Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға және ұлғайтуға арналған бюджеттік инвестициялар" деген кіші бөлімде:

"Бағдарламадан тыс" кіші бөлімінде:

реттік нөмірі 20-жолдың 6-бағанындағы "Астық қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қоры" деген сөздер "ҚазАгроКепіл" деген сөзбен ауыстырылсын.